

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын қызметтік автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік мекеменің аппаратын орналастыру үшін аумақпен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 14991 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2025 жылғы 10 қарашадағы № 139 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 10.11.2025 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 69-бабының 2-тармағына және 1995 жылғы 21 желтоқсандағы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын қызметтік автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академияны телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академияның кеңсе жиһаздарымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары аппараты орналастыру үшін аумақпен қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне орналастыру үшiн "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсiн.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бiрiншi орынбасары И.Д.Меркельге жүктеймiн.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнiнен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Ж. Асанов

"КЕЛiСiЛДi"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрi

_____ Б. Сұлтанов
" __ " _____ 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
1 қосымша

Құқық қорғау органдары академиясының қызметтік автокөліктерімен қамтамасыз етудің заттай нормалары

№ р/н	Заттай нормалар таратылатын аймақ	Қызметтік автокөліктер саны (1 бірлікке)	Қозғалтқыш көлемі, куб.см	1 автокөліктің бір айдағы жүруі (км)
1	2	3	4	5
1	Ректор	1	3500 артық емес	2600
2	Бірінші проректор	1	3000 артық емес	2600

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

№	Телефон байланысы түрлерінің атауы	Заттай нормалар таратылатын аймақ
1	2	3

1	Республика ішіндегі қалааралық телефон байланысы	Ректор, бірінші проректор, проректорлар, институт директорлары, оперативтік кезекші дербес құрылымдық бөлімшелердің басшылары.
2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен халықаралық телефон байланысы	Ректор, бірінші проректор, проректорлар, институт директорлары, қызметіне халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас кіретін құрылымдық бөлімшелер басшылары
3	Алыс шет елдермен халықаралық телефон байланысы	Ректор, бірінші проректор, проректорлар, институт директорлары, қызметіне халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас кіретін құрылымдық бөлімшелер басшылары
4	Қалалық (ауылдық) нөмірлермен телефон байланысы	Мемлекеттік мекеме қызметкерлері (ректор, проректорлар, қабылдау бөлмелері, институт директорлары және олардың орынбасарлары, басқарма басшылары, аға прокурорлар, бас сарапшылар – бір нөмірден және прокурорлар, сарапшылар – үшеуге бір нөмір)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
3 қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

№	Заттай нормалар таратылатын аймақ	Жиһаз атауы	Кеңселік жиһаздың саны (1 бірлікке)
1	2	3	4
	Ректор	Басшының үстелі	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
		Қағазға арналған шкаф	2

1		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Басшыға арналған кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	2
		Орындық	6
	Ректордың демалыс бөлмесі	Жұмсақ жиһаз	1 жиынтық (1 диван, 2 кресло)
		Теледидардың астына қоятын тумба	1
		Журнал үстелі	1
	Ректордың қабылдау бөлмесі	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Орындық	4
		Кресло	1
2	Бірінші проректор, проректор	Үстел қосымшасымен	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Басшыға арналған кресло	1
		Орындық	4
		Теледидар астына қоятын тумба	1
	Бірінші проректор, проректорлардың қабылдау бөлмесі	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Орындық	4
		Кресло	1

3	Институт директоры	Үстел қосымшасымен	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Кресло	1
		Орындық	4
5	Басқарма бастығы	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Орындық	2
		Кресло	1
6	Мемлекеттік мекеме қызметкерлері	Үстел	1
		Қағазға арналаған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Сырт киімге арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Құжаттарға арналған стеллаж	1 (3 бірлікке)
		Кресло	1

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 5 бұйрығына
4 қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының аппаратын орналастыруға арналған алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормалары

№	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың ауданы
1	2	3	4
1	Ректор бөлмесі	кв.м	25
	Ректордың демалыс бөлмесі	кв.м	10
	Ректордың қабылдау бөлмесі	кв.м	10
	Бірінші проректор, проректор бөлмесі	кв.м	20

2	Бірінші проректор, проректордың қабылдау бөлмесі	кв.м	7
3	Институт директорының бөлмесі	кв.м	15
4	Қызметкер бөлмесі (1 қызметкерге)	кв.м	7,5
5	Ортақ үй-жайлар (мәжіліс залы, көбейту-көшірме қызметі , серверлік, қойма жабдықтары, мүкәммәл, кеңсе керек-жарақтары және т.б.)	кв.м	жиынтығының 25 %-ы
6	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камералар, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және басқалар)	кв.м	жиынтығының 20 %-ы